

**««Каспий» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы
бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Ақтау қаласы

«~~17~~» қазан 2024 жыл

««Каспий» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Басқарма төрағасының 2024 жылғы 23 мамырдағы № 54-ө «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес, төмендегі жұмыс тобымен ішкі талдау жүргізілді.

Жұмыс тобының құрамы:

- Комплаенс офицері Иманғазин Д.Ә.;
- Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Ермагамбетов У.А.;
- Басқарма төрағасының орынбасары Бекарысова Ж.Б.;
- Басқарушы директор Жанахмет А.Ж.;
- Заң қызметінің бас маманы Алхамов М.А.

Ішкі талдау 2024 жылдың 17 қыркүйектен 17 қазан аралығында жүргізілді.

Ішкі талдау Қоғамның 2023 жылға және 2024 жылдың 9 айының қызметін қамтыды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 2016 жылғы 19 қазанда №12 бұйрығымен бекітілген, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізіліп, келесі бағытта өткізілді:

1) талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Ішкі талдау кезінде негізгі деректеме (дереккөз) ретінде, Қоғамның қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі нормативтік құжаттамалар, мекемеге түскен арыз-шағымдар, уәкілетті органдардың тексеріс нәтижелері мен ҚР сыбайлас жемқорлыққа іс-қимыл Агенттігінің әдістемелік ұсынымдары қолданылды.

1. Кадр қызметін басқару бойынша тәуекелдер:

Қазіргі таңда қызметкерлердің саны, штаттық кестеге сәйкес 35 бірлікті құраса, нақты саны 32 бірлікті, 3 жұмыс орны, жұмыстан босатылғандар саны – 10 (немесе 26,3 %) адамды құрап отыр.

1.1. Жұмысқа қабылдау бойынша конкурс өткізу:

Кадр тапшылығын жою мен білікті еңбек ресурстарын жұмысқа тарту мақсатында, ««Каспий» ӘКК АҚ - да персоналды іріктеу туралы Ережесі» (бұдан әрі – Ереже), ««Каспий» ӘКК» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 27 шілдедегі №15 хаттамалық шешімімен бекітілген.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен көрсетілген Ережеге сәйкес, Басқарма Төрағасының «Үнемі әрекеттегі конкурстық комиссия құру туралы» бұйрығы қабылданды.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау конкурс негізінде, яғни 2024 жылдың 9 айында 5 рет конкурс өткізілді.

1.2. Қоғам қызметкерлерінің іссапарлануы:

2024 жылдың 9 айында - 40 іссапарлау туралы бұйрықтар шығарылды.

Аталған іссапарлар туралы бұйрықтар, Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ДК - 76/11 – 2020 - ӘКК шешімімен бекітілген, ««Каспий» ӘКК АҚ қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары туралы Ережесінің» 2 қосымшасындағы, «Қызметтік іссапар бойынша бұйрықтарды тіркеу журналымен» сәйкестендірілген.

2. Экономика және қаржы саласы бойынша:

1. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы, ҚР «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну» Қағидалары және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №189 қаулысымен бекітілген «Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидаларын, Эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдерін бекіту туралы» Қағидасы негізінде жүзеге асырады.

2023 жыл бойынша:

2. Қоғамның 2019-2023 жылдарға арналған Даму жоспары бойынша, 2022 жылдық жоспардың орындалуы туралы жылдық есеп әзірленіп, Директорлар кеңесімен бекітуге ұсынылды. Бекітілген жылдық есеп мемлекеттік порталда орналастырылды.

Қоғамның «2019-2023 жылдарға арналған Даму жоспарының орындалуы туралы 2023 жылдың екінші жартыжылдығына нақтылау есебі» әзірленді және мемлекеттік реестр порталында орналастырылды.

Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткенге дейін түзетулері мен есептерін ескере отырып, Қоғамның «2024-2028 жылдарға арналған даму жоспары» әзірленді және келісілді. Бекітілген Даму жоспары мемлекеттік реестр порталында орналастырылды.

2023 жылы тамыз айынан бастап барлығы 315 жобаға сараптамалық қорытынды берілді, оның ішінде:

- «Ауыл Аманаты» бағдарламасы шеңберінде несиелендіруге, төлем мерзімін кейінге шегеруге, кепіл мүлкін ауыстыру мақсатында, айыппұл салу және т.б. барлығы 314 жоба.

- Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу жобалары бойынша – 1 жоба.

Бұрын Микроқаржы ұйымымен берілген микрокредиттердің ішіндегі жабылған қарыздар бойынша уәкілетті тіркеуші органдарға/ұйымдарға хаттар дайындалды (ауыртпалықты алып тастауға) және құқық белгілейтін құжаттары берілді (кепілді қарыздар бойынша толық өтелгеннен кейін клиентке кепіл қамтамасыз етудегі құжаттардың барлық түпнұсқалары беріледі).

Маңғыстау облысының қаржы басқармасы және өзге ұйымдардан келіп түскен сұраныс хаттарына қажетті ақпараттар мен жауаптар заңнамада белгіленген мерзімде дайындалып жолданды.

Қоғамның даму жоспарында кірістер мен шығыстарды қалыптастырудың, Қоғамның міндеттемелерді орындауының заңдылығы, уақтылығы мен дұрыстығына мониторингтеу жұмыстары жүргізілді.

2024 жылдың 9 айы бойынша:

Қоғамның жарияланған акциялар саны Директорлар кеңесінің шешімі негізінде 3 000 000 данаға ұлғайтылды. Кейін, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің порталы арқылы жарияланған акциялар шығару проспектісіне өзгертулер енгізіліп, шығарылым 39 000 000 жай акцияларды құрайтын жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі алынды.

Қоғамның директорлар кеңесінің шешімі мен Маңғыстау облыстық мәслихатының шешіміне сәйкес, Бағалы қағаздар орталық депозитарийінде бір акцияны орналастыру бағасы 1 000 (бір мың) теңге мөлшерінде 2 031 235 (екі миллион отыз бір мың екі жүз отыз бес) дана мөлшерінде жай акция орналастырылды.

Қоғамның директорлар кеңесінің шешімі мен Маңғыстау облыстық мәслихатының шешіміне сәйкес, Бағалы қағаздар орталық депозитарийінде бір акцияны орналастыру бағасы 1 000 (бір мың) теңге мөлшерінде 18 761 (он сегіз мың жеті жүз алпыс бір) дана мөлшерінде жай акцияларды орналастырылды.

Қоғамның «2024 - 2028 жылдарға арналған Даму жоспарының орындалуы туралы 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына нақтылау есебі» әзірленді және Маңғыстау облысының Қаржы басқармасымен келісілді. Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілгеннен кейін, мемлекеттік реестр порталында орналастырылатын болады.

16 қыркүйек 2024 жылдың № СД-105/29-2024-СПК директорлар кеңесінің шешімімен «Қоғамның 2019-2023 жылдарға арналған даму жоспарының 2023 жылға арналған іске асырылуы туралы» есебі бекітіліп, мемлекеттік мүлікті есепке алудың автоматтандырылған бірыңғай ақпараттық жүйесінде орналастырылды.

2024 жылдың тоғыз айы бойынша барлығы 63 жоба қаралып, сараптамалық қорытынды берілді, оның ішінде:

- «Ауыл Аманаты» бағдарламасы шеңберінде несиелендіруге, төлем мерзімін кейінге шегеруге, кепіл мүлкін ауыстыру мақсатында, несие мақсатын ауыструға, айыппұл салу және т.б. барлығы 53 жоба;

- Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу жобалары бойынша – 5 жоба;

- Активтер мен инвестициялардың басқару департаменті бойынша 2 жобаға несие кестелері жасақталып, 3 жоба бойынша қорытындылары берілді.

3. «Маңғыстау облысы бойынша тексеру комиссиясы» ММ-мен 2022 жылдың 01 қаңтарынан – 2023 жылдың 31 желтоқсан аралығындағы кезеңді қамтитын мемлекеттік аудит жүргізілді. Нәтижесінде, Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру үшін берілген қаржы міндеттемелер ретінде көрсетіліп, жарғылық капитал ұлғайтылмағандығы көрсетілді (аудит есебі қосымша жалғанды).

2024 жылдың 9 айы бойынша мемлекеттік органдармен тексерістер жүргізілген жоқ.

- Мемлекеттік сатып алуды жүргізу саласы бойынша:

1. Қоғам мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік сатып алуды жүргізуде Қазақстан Республикасының «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алу туралы» Заңы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру» Қағидалары негізінде жүзеге асырады.

2. 2023 жыл бойынша мемлекеттік сатып алу жоспары бойынша барлығы 105 келісім шарт жасакталды.

Жоспар бойынша: жалпы сома - 206 649 790 теңгені құрады, шарттар - 191 956 122 теңгеге жасакталды, үнемделген сома - 14 693 668 теңгені құрады.

Іс жүзінде: шарттар бойынша төленген сома - 180 941 426 теңге, үнемделген сома - 11 014 696 теңгені құрайды *(кесте қосымша жалғанды)*.

2024 жылдың 9 айы бойынша мемлекеттік сатып алу жоспары бойынша барлығы 61 келісім шарт жасакталды.

Жоспар бойынша: жалпы сома – 168 742 878 теңгені құрады, шарттар – 171 194 963 теңгеге (ҚҚС-ын қоса) жасакталды, үнемделген сома - -2 452 086 теңгені құрады *(кесте қосымша жалғанды)*.

3. «Маңғыстау облысы бойынша тексеру комиссиясы» ММ-мен 2022 жылдың 01 қаңтарынан – 2023 жылдың 31 желтоқсан аралығындағы кезеңді қамтитын мемлекеттік аудит жүргізілді. Нәтижесінде, мемлекеттік сатып алуды жүргізу саласы бойынша бұзушылықтар аныкталмады.

2024 жылдың 9 айы бойынша мемлекеттік органдармен тексерістер жүргізілген жоқ.

4. ««Каспий» ӘКК» АҚ-ның 2023 жылға тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жылдық жоспары енгізілген толықтырулар мен өзгертулермен Басқарма Төрағасының 2023 жылғы 21 қарашадағы №91-ө бұйрығымен бекітілді.

««Каспий» ӘКК» АҚ-ның 2024 жылға тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жылдық жоспары енгізілген толықтырулар мен өзгертулермен Басқарма Төрағасының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі №79-ө бұйрығымен бекітілді.

4. Азық - түлік тауарларымен қамту бойынша

Өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру мақсатында ««Каспий» ӘКК» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №280 бұйрығымен бекітілген Маңғыстау облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидалары негізінде әзірленген, Маңғыстау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 2 қазандағы №213 қаулысымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларды (бұдан әрі-Қағидалар) басшылыққа алады. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 166-НҚ «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы» Бұйрығы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №301 «Тамақ

өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV «Мемлекеттік статистика туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі №66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңы.

Қағиданың 4-тармағына сәйкес, әлеуметтік маңызы бар азық - түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін (бұдан әрі-ӘМАТ) тиімді және уақтылы қолдануды қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссияны (бұдан әрі-Комиссия) құрады.

Ереженің 7-тармағына сәйкес Комиссияның құзыретіне мыналар жатады:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ӘМАТ бағасын тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шешім қабылдау;

2) қағидаларға сәйкес қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектісін айқындау.

Қағиданың 9-тармағы негізінде ӘМАТ бағасын тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін облыстардың жергілікті атқарушы органдары ӘМАТ бағасын тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шарт жасасу арқылы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардан қызметтер сатып алуды жүзеге асырады.

Қағиданың осы талаптарын орындау үшін Маңғыстау облысы әкімдігінің (АШБ, КЖСБ) құрылымдық бөлімшелері мен Қоғам арасында азық - түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы бірқатар шарттар (бұдан әрі-шарттар) жасалды.

Шарттардың талаптары бойынша өнім беруші Қоғам атынан осы шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатын талаптарға, талаптарға сәйкес және осы шарттардың қосымшаларында көрсетілген бағалар бойынша қызмет көрсетуге, ал Тапсырыс беруші облыс әкімдігінің жоғарыда аталған құрылымдық бөлімшелері атынан шарттардың талаптарында көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

Қағиданың 14-тармағына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары нарығын тұрақтандыру мақсатында жергілікті атқарушы орган Маңғыстау облысының әкімдігі атынан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандырудың мынадай тетіктерін іске асырады: тұрақтандыру қорларының қызметі және кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру.

Облыс аумағында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шешім қабылдау Қоғам болып табылатын мамандандырылған ұйымға емес, өйткені "Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға" бағытталған 035 бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген ақшалай қаражат комиссия отырысының хаттамалары негізінде кәсіпкерлік субъектілеріне беріледі. Себебі, облыс аумағында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шешім қабылдау Қоғам болып табылатын мамандандырылған ұйымға емес, Комиссияның құзыретіне жатады.

Бұдан басқа, 24.02.2022 ж. № 01-25/3 шарты бойынша 1 500 000 теңге сомасына кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі қызметтердің техникалық ерекшелігінің 12-тармағында тікелей қарастырылған.

Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру келесідей ретпен қарастырылады:

1. ӘМАТ өңірлік тұрақтандыру мақсатында кәсіпкерлерден келіп түскен арыздары негізінде Комиссия қарауына қажетті құжаттар тағайындалады.

2. Одан әрі Комиссия отырысында шешімі оңтайлы болған жағдайда несиенің мерзімі мен шарттары айқындалады.

3. Комиссия шешіміне сүйене отырып, Кепілге мүлік қою шарты мен Несие келісім-шарты жасақталады.

Техникалық ерекшеліктің 13-тармағына сәйкес қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектісін комиссияда айқындайды.

Қоғам тек белгілі бір мамандандырылған ұйым бола отырып, уәкілетті комиссияның шешімдеріне сәйкес тауарларды/қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады, өйткені ӘМАТ бағасын тұрақтандыру тетіктерін таңдау Қоғамның өкілеттіктеріне жатпайды.

Қоғам өзіне қатысты ұйғарым шығаруға тиісті емес субъект болып табылады.

2. 2023 жылы ӘМАТ нарығын тұрақтандыру мақсатында Қоғамға 1,5 млрд. теңге бөлінді.

Ауыл шаруашылығы басқармасынан ӘМАТ нарығын тұрақтандыру мақсатында 2023 жылғы 24-мамырда №53 Мемлекеттік сатып алу келісімі бойынша 500 млн теңге және 2023 жылғы 30-маусымда №65 Мемлекеттік сатып алу келісімі негізінде Қоғамға 1,0 млрд. теңге бөлінді. Барлығы – 1,5 млрд. теңге Осы қаражат есебінен 7 кәсіпкерлердің өтініштері негізінде Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары нарығын тұрақтандыру мақсатында Несие келісім-шарттар жасалды.

2023 жылы бөлінген Несиелер:

2023 жылы «айналым схемасымен» 6 несие келісім-шарты және 1 –форвардтық келісім шарт жасалды:

1. ЖК Балшыкбаев Б.Н. – 52 000 000 тг (Несие мақсаты: күріш, қарақұмық, макарон, сұйық май, ас тұзы, картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат жеткізуге);
2. Нұрдария ШҚ - 18 000 000 тг (1-сұрыпты ұн);
3. ЖК Сарсенғалиев Кайрат Мухамедович – 95 000 000 тг. (макарон, күріш, қарақұмық, сұйық май);
4. ЖК Керемет – 58 000 000 тг (күріш, 1-сұрыпты ұн, макарон, сұйық май, ас тұзы);
5. Актау Батыс Агро ЖШС – 251 123 000 тг. (пияз, сәбіз, картоп, қырыққабат);
6. ЖК Нуров К.А. – 29 596 000 тг. (жұмыртқа С1).
7. Baystone (форвардтық келісім-шарт) – 427 302 000 тг. (картоп, сәбіз, пияз).

2023 жылы Қоғам 6 «айналым схемасы» бойынша келісім-шарттары және 1-форвардтық келісім-шарты бойынша жеткізілген ӘМАТ тауарлары: 1-сұрыпты ұн – 136 т, жұмыртқа – 604 000 дана, пияз – 154 т, картоп – 993 т, қырыққабат – 248 т, сәбіз – 247 т, макарон – 180 т, сұйық май – 71.60 т, ас тұзы – 84.66 т, қарақұмық – 54.50 т, күріш – 153.01т.

2024 жылы бөлінген Несиелер:

1. ЖК Әмірғалиева Ә. Қ. – 18 000 000 тг. (күріш, сұйық май, ас тұзы);
2. AGARGAN ЖШС – 30 495 000 тг. (майсыз сүт ұнтағынан сүт өнімдерін өндіру үшін);
3. ЖК OTBASY ШҚ – 205 095 000 тг. (пияз, сәбіз, қырыққабат).
4. ЖК OTBASY ШҚ Форвордтық келісім шарт – 120 000 000 тг (картоп) (15 млн. тг төленді)

3. Тұрақтандыру қорын қалыптастыру және тауарлық интервенция.

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 2 қазандағы №13 қаулысымен бекітілген Маңғыстау облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін Қағидаларға сүйенеді.

Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қоры – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында аграрлық азық-түлік нарығына реттеушілік әсер ету және азық – түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құрылған азық-түлік тауарларының жедел қоры;
- 2) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын жаңарту – азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды өткізу немесе жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылдың жаңа егінінен дәл сондай көлемдегі азық-түлік тауарларын кейін жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды қайтару;
- 3) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру – сатып алу интервенциялары, азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорына азық-түлік тауарларын орналастыру және сақтау;
- 4) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын пайдалану – тауар интервенцияларын жүргізу және азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын жаңарту мақсатында азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларын өткізу;
- 5) сатып алу интервенциялары – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында бағалар төмендеген кезде, Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмалары шеңберінде мамандандырылған ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алуы жөніндегі іс-шаралар;
- 6) тауар интервенциялары – бағалар өскен кезде ішкі нарықты тұрақтандыру мақсатында жүзеге асырылатын, азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларынан ішкі нарықта азық-түлік тауарларын өткізу жөніндегі іс-шаралар;

6-1) тіркелген баға - өндіруге/сатып алуға, сақтауға, табиғи кемуге (кебуге), межелі орынға дейін жеткізуге кеткен шығындарды, сондай-ақ өнімнің өзіндік құнынан қаржылық табысты ескере отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының бағасы;

6-2) форвард – сатып алушы (немесе сатушы) болашақта келісілген шарттармен базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгілі бір мерзімі өткеннен кейін өзіне міндеттеме алатын туынды қаржы құралы;

7) шекті сауда үстемесі – ішкі сауда субъектілерінің түпкілікті тұтынушыларға азық-түлік тауарларын өткізуі кезінде бағаны айқындау үшін қалыптастырылатын сауда үстемесі.

Қағиданың 3-тармағына сәйкес Қоғам мамандырылған ұйым ретінде сатып алу интервенцияларын жасауға құқылы.

Сатып алу интервенциясы келесі ретпен жүргізіледі:

1. 3 немесе одан да көп тауар өндірушілерден коммерциялық ұсыныстар жинақталады.

2. Алынған ұсыныстар бойынша конкурс өткізіліп, Хаттама толтырылады. Конкурс қорытындысы бойынша баға әрі сапа жағынан тиімді бір тауар өндіруші таңдалады.

3. Оңтайлы шешім алған тауар өндірушісімен Сатып-алу келісім-шарты жасакталады. Ол келісім шартта қажетті көлем, бағасы, жеткізу мерзімі келісіледі.

4. Сатып алынған ЭМАТ тауары «Азерсун Өндіріс және Логистика Орталығы» ЖШС теміржол торабына жеткіліп, сол жерде Сақтау және жайғастыру шарты бойынша сақталады. Ол жерде тауарлар сақтау шарттарына сәйкес сату интервенциясы жасайтын уақытқа дейін сақталып тұрады.

Бұдан әрі сату интервенциясы жүргізіледі:

Сатып алынған ЭМАТ тауарларын нарықта тауарлардың бағалары шарықтап, тұрақсыздық орнаған жағдайда *сату интервенциясы* жүргізіледі.

1. Сату интервенциясын жүргізу үшін ішкі Комиссия отырысында сату тауарларының шекті сату бағасы бекітіледі.

2. Одан әрі бекітілген баға бойынша Маңғыстау бойынша сату желілерімен Сатып алу келісім шарттары жасакталады. Сатып алу келісім шарттары бір жыл мерзімге жасалады.

2023 жылды Қоғам тұрақтандыру қорына «Най - Мир» ЖШС, ЖК «Байдалиев К.Ж.» және «Нурбол И» ШҚ-нан 272 тонна сұрыпталған күріш сатып алынды.

Сатып алынған Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын Қоғам сату желілеріне тауарлық интервенция жасап отырды. **2023 жылы** Маңғыстау облысы бойынша Қоғам **40 кәсіпорын операторларымен** тұрақтандыру қорындағы ЭМАТ тауаларын интервенция жасау мақсатында бір жылға Сатып-алу келісімшарттары жасалды.

2023 жылғы Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сату желілеріне жүргізілген тауарлық интервенция:

№	Тауар атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	ҚҚС-пен мың теңге сомасы

1	Қарақұмық	тонна	108,36	48 924,54
2	Тазартылған күріш	тонна	222,05	84 337,5
3	Макарон	тонна	35,4	9204,0
4	Ақ қант-құмшекер (Үндістан)	тонна	301,002	138 611,42
5	Ақ қант-құмшекер (Тараз)	тонна	16,175	7278,75
6	Ас тұзы	тонна	3,83	157,03
	Барлығы:			288 513,24

Сонымен қатар, **2024 жылы 44 оператормен** ӘМАТ тауаларын интервенция жасау мақсатында бір жылға Сатып-алу келісімшарттары жасалды.

2024 жылғы 1-қазанға дейінгі Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сату желілеріне жүргізілген тауарлық интервенция:

№	Тауар атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	ҚҚС-пен мың теңге сомасы
1	Қарақұмық	тонна	22,55	4 292,8
2	Тазартылған күріш	тонна	182,4	69 929,25
3	Ақ қант-құмшекер	тонна	561,844	196 645,739
4	Тауық жұмыртқасы С1	Дана	604 800	33 868,8
5	Күнбағыс майы	Литр	1 050	693,0
6	Ас тұзы	Тонна	16,94	1 101,1
7	Сәбіз	Тонна	16,264	2 927,57
	Барлығы:			309 458,26

Интервенция жасау мақсатында сатылған ӘМАТ тауарларына бағаны тежеу мақсатында кәсіпкерлік субъектілері тауар үстінен 10%-дан аса қоса алмайды. Яғни, ӘМАТ тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшеріне дейін сатуды жүзеге асыра алады.

2024 жылғы 1 қазанға дейін тұрақтандыру қорына келесідей тауарлар сатып алынды:

- «Ramazan Qus» ЖШС 604,8 мың дана тауық жұмыртқасы - 36 288 000 теңгеге;
- Анвар ЖШС 25 тонна қарақұмық жармасы - 4 475 000 теңгеге;
- Maga Bread ЖШС 45 тонна рожки – 11 565 000 теңгеге;
- Евразиян фуд ЖШС 20 мың литр күнбағыс майы – 13 200 000 теңге;
- Прима Дистрибьюшн ЖШС 10 мың литр күнбағыс майы – 5 600 000 теңге;
- Аралтуз ЖШС 66 тонна ас тұзы – 4 290 000 теңге;
- ЖК Отбасы ШҚ 200 тонна қырыққабат – 29 000 000 теңге (қаражаты жеткізілген кезде төленеді)

2024 жылғы Қоғам қызметінің тиімділігіне жүргізілген аудиторлық іс-шарасы бойынша Аудиторлық қорытынды бойынша ескертулер:

1. Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға бөлінген қаражат есебінен 503 948,1 мың теңге Қоғаммен

айналым қаражатын жеке кәсіпкерлерге қарызға беріліп, негізсіз пайдаланылған.

2019 жылғы 2 қазандағы № 213 Маңғыстау облысы бойынша ӘМАТ бағаларын тұрақтандыру механизмдерін іске асыру қағиданың 7-тармағына сәйкес Комиссияның құзыретіне:

3) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларына сәйкес қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектісін айқындау жатады.

- кәсіпкерлік субъектілерімен қарыз шарттарын жасасудың заңдылығы және қоғамның комиссия шешімдерін 2021-2022 жылдары орындауының заңдылығы бойынша:

Қағидалардың 33-тармағына сәйкес, Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында мамандандырылған ұйымдар арқылы комиссия айқындайтын азық-түлік тауарларының тізбесіне сәйкес кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз береді.

Бұл өз кезегінде кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды, сондай-ақ тұрақтандыру қорын қалыптастыруды уәкілетті Комиссия шешімдерінің хаттамасын алғаннан кейін қоғам іске асыратынын және беретінін тағы да көрсетеді.

2. Бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыруға бюджеттен бөлінген қаражаттың 452 130,0 мың теңгесі игерілмеген, бюджет қаражатын бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жоспарланмаған.

Аталған қаражатты игеру мақсатында тұрақтандыру қорына және форвардтық келісім-шарттар жасақталуда.

3. Қоғаммен Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасымен бірлесіп тауар интервенцияларын жүзеге асыратын сауда объектілерінің орналасқан жері, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары, Маңғыстау облысының әкімдігі және мамандандырылған ұйымның ресми сайттары арқылы халықтың назарына жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізілмеген.

Қазіргі таңда Пресс хатшысының болмауына байланысты жоғарыда аталған ақпаратты бұқаралақ ақпарат құралдарына жүктеу мүмкін болмай тұр. Алайда, болашақта осы бағытта жұмыс жасау жоспарлануда.

4. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларны бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөнінде «Baystone» ЖШС-мен 430 370,0 мың теңгеге форвардтық шарт жасақталып, шарт талабы бойынша жеткізілмеген азық-түлік тауарларына Қоғаммен шарттар бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін 828,0 мың теңге тұрақсыздық айыбын есептеу жөнінде шаралар қолданбаған.

«Baystone» ЖШС-ға Қоғаммен шарттар бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін 828,0 мың теңге тұрақсыздық айыбын төлеу міндеттелді. Сонымен қатар, ЖШС-мен 08/118/06-2023-СПК негізгі шартына 2024 жылдың 10-сәуірінен 2025 жылдың 10-сәуіріне дейін қосымша шарт жасақталып, жеткізілмеген азық-түлік тауарларын жеткізуге міндеттелді.

Жүргізілген аудиторлық іс-шарасының қорытындысы бойынша Қоғамға іс-шаралар жүргізуге **нұсқама** берілген. Анықталған бұзушылықтарға жол берген адамдардың жауапкершіліктерін қарастыруға нұсқама берілді. «Каспий» ӘКК» АҚ-ның Басқарма төрағасының орынбасарлары Бәйденова М.Ж., Жәнібеков Қ.Ж. бұзушылық үшін жауапты тұлғалар болып табылады, алайда қызметкерлердің жұмыстан босатылуына байланысты жауапты адамдарға жаза қолдану мүмкіндігі болмады.

5. Ауыл аманаты жобасы бойынша

Маңғыстау облысы бойынша жобаны жүзеге асыруға 1 200 000 000 теңге бөлінді. Ауыл тұрғындарының кірісін арттыру жобасының ауқымын кеңейту үшін ауыл тұрғындарына шағын несие түрінде қаражат беріліп отыр. Жоба аясында 5 аудан – Бейнеу, Түпқараған, Маңғыстау, Мұнайлы, Қарақия және Ақтау қаласының іргесіндегі Өмірзақ ауылы, сондай-ақ Жаңаөзен қаласының іргесіндегі Теңге, Рахат, Кендірлі ауылдары қатысуда.

Бөлінген сомалар негізінде «Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арасында бюджеттік кредитке қызмет көрсету бойынша, атап айтқанда кредиттік операцияларды ұйымдастырғаны және қолдау көрсеткені үшін сыйақы төлеуге Агенттік шарт жасалды. Сенім білдірілген агенттің көрсеткен қызметтері үшін Сенімді агенттің сыйақы төлеуі бюджеттік кредитке қызмет көрсетудің бүкіл кезеңі ішінде берілген кредиттердің жалпы сомасының жылдық 2,49% (ҚҚС-ты ескере отырып) мөлшерінде жүзеге асырылады.

Жоба Параметрлері:

Несие беруші: «Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

Уәкілетті агент: «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы

Жобаның мақсаты: 2023 жылға қарай ауыл халқының табысын арттыру.

Жобаның іске асыру мерзімі: 2023-2030 жж.

Жобаның жалпы құны – 1,2 млрд.теңге.

Жылдық пайыздық мөлшер – 2,5%.

Жоба мәртебесі: Серіктестік өз өкілеттіктері аясында және аудан әкімдіктерінің өкілдерінен түскен өтініштер бойынша 1 541 828 640 теңгеге 204 өтінішті қабылдады. Оның ішінде Несие комиссиясы жалпы сомасы 1 200 000 000 теңгені құрайтын 165 өтінішті қарап, мақұлдады:

- Бейнеу ауданы (361 642 700 теңгеге 58 өтініш);
- Маңғыстау ауданы (186 050 000 теңгеге 22 өтініш, соның ішінде 1 кооператив);
- Мұнайлы ауданы (261 751 734 теңгеге 36 өтініш);
- Қарақия ауданы (85 900 000 теңгеге 13 өтініш);
- Түпқараған ауданы (87 161 600 теңге сомасына 11 өтініш);
- Жаңа Өзен (200 293 966 теңге сомасына 23 өтініш, соның ішінде 2 кооператив);
- Ақтау қаласы (17 200 000 теңге сомасына 2 өтініш)

Мақсатты бағыттар бойынша:

1. Мал шаруашылығы – 811,8 млн теңге 113 жоба;

- Түйе – 509 бас
- Жылқы – 323 бас
- ІҚМ – 79 бас
- Ұсақ мал – 1 461 бас
- Құс – 2500 бас

2. Егін шаруашылығы – 65,4 млн 6 жоба;

- 2 жоба – ашық топырақтағы егістік.
- 4 жоба – жылыжай.

3. Өзге сала – 322,8 млн 46 жоба;

2024 жылдың 1 наурыз айында Мемлекеттік аудит тексерістері жүргізілді.

Бүгінгі күнге «Ауыл аманаты» жобасы бойынша кәсіпкерлермен мақсатсыз жұмсалған 43 968,0 мың теңгені қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Атап айтқанда, аудиторлық қорытындыда көрсетілген кәсіпкерлер несие қаражатын мақсатты пайдаланғаны жөнінде толықтай құжаттарын тапсырып, несие комиссиясымен қабылданғаны туралы ақпаратты берілді.

1. ЖК Алиса, Елубаева А.С. - қаражатты қайтару жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, талап арыз сотқа жіберілді.
2. ЖК Ырыс, Келдеков С.Р. – қаражат қайтарылды.
3. ЖК Кучербаева Х.Х. – несие комитетінің 2024 жылғы 21 мамырдағы №45 шешімімен микрокредиттік қаражатты мақсатты пайдаланғаны дәлелденіп, айыппұлдар жойылды.
4. ЖК Шайхиев, Шайхиев Ж.М. - қаражатты қайтару жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, талап арыз сотқа жіберілді.
5. ЖК Ыдырыс Ж. - қаражатты қайтару жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, талап арыз сотқа жіберілді.
6. ЖК Саденов О.Ж. -несие комитетінің 2024 жылғы 11 сәуірдегі №42 шешімімен микрокредиттік қаражатты мақсатты пайдаланғаны дәлелденіп, айыппұлдар жойылды.
7. ЖК Калиева С. - несие комитетінің 2024 жылғы 21 мамырдағы №45 шешімімен , микрокредиттік қаражатты мақсатты пайдаланғаны дәлелденіп, айыппұлдар жойылды.
8. ЖК Оскунов Т.Ч. - несие комитетінің 2024 жылғы 13 маусымдағы №77 шешімімен микрокредиттік қаражатты мақсатты пайдаланғаны дәлелденіп, айыппұлдар жойылды.
9. ЖК Ермаганбетова Г. – 2024 жылдың 20 наурыз айында жүргізілген биоактивтерді және сатып алынған құрал-жабдықтарды визуалды тексеру есебіне сәйкес қаражатты мақсатты пайдалануы Актімен расталды.
10. ЖК Мауленов С.Б. – 2024 жылдың 17 сәуір айында жүргізілген визуалды тексеру есебіне сәйкес сатып алынған құрал-жабдықтар толықтай Актімен расталды.

Бүгінгі күнге жобаны жүзеге асыру мақсатында учаскеге мониторинг жүргізу аяқталды. Игерілген соманың ішінде шағын несие қаражатының мақсатты пайдаланылуын растайтын өтініштердің саны 160-ті құрайды,

мақсатсыз пайдаланған жоба саны 5, соның ішінде айыппұлмен қоса негізгі қарыз қайтарылды 1 жоба – 10 750 000 теңге.

Сонымен қатар, мерзімінен бұрын жабылған жобалар саны – 8, сомасы 43 662 000 теңге негізгі қарыз және 777 780 теңге сыйақы мөлшерлемесі. Құрылған жаңа жұмыс орын саны – 207.

6. Активтер мен инвестицияларды басқару департаментінің қызметі бойынша:

Жарғыға сәйкес, Қоғамның негізгі мақсаттары:

- инвестициялар мен инновацияларды тарту үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру;

- инвестициялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу және т.б., болса, Ережеге сай, Департаменттің негізгі міндеттерінің бірі:

- инвестициялық жобаларды қарау және әзірлеу, олардың орындылығы мен тиімділігін бағалау;

- Қоғамның инвестициялық жобаларын қараудың бекітілген ішкі ережелеріне сәйкес жаңа инвестициялық жобалар бойынша стратегиялық әріптесті таңдау процесін ұйымдастыру

- инвестициялық жобалардың мониторингін жүргізу

1. «Маңғыстау облысы аудандарының және Ақтау қаласының автобус паркі қызметін ұйымдастыру» жобасы.

2023 жылғы 15 ақпандағы «Каспий» ӘКК» АҚ Директорлар кеңесінің №СД-92/02-2023-СПК шешімімен Қоғам «Каспий Авто Парк» ЖШС-мен бірлесіп, «Маңғыстау облысы аудандарының және Ақтау қаласының автобус паркі қызметін ұйымдастыру» жобасын екі тетікпен іске асыру келісілді.

Жоба Параметрлері:

Жобаның мақсаты: Маңғыстау облысында жолаушыларды қоғамдық көлікпен тасымалдау бойынша ең қауіпсіз, ең қолайлы және сапалы қызмет көрсету, жолаушылар тасымалы нарығын жаңа сапалы автобустармен қанықтыру.

Жобаның жалпы құны: 9,2 млрд. теңге.

300-ден астам жұмыс орны ашылды.

Жобаны жүзеге асыру үшін лизингтік қаржыландыру арқылы өндірушіден 120 бірлік көлемінде жаңа автобустар сатып алынды.

Жобаның мәртебесі: Жобаны бірінші тетікпен іске асыру аясында жалпы сомасы **5,4 млрд. теңге** құрайтын «Yutong ZK6116HG» маркалы 70 автобусты газ-моторлы отын (метан) қозғалтқыштарымен сатып алынды.

Қаржылық лизинг нысанының жалпы құнының 20%-ы мөлшерінде аванстық төлем **1 075 872 000 (Бір миллиард жетпіс бес миллион сегіз жүз жетпіс екі мың) теңге** Маңғыстау облысының бюджетінен бөлінді.

Лизинг сомасы **4,3 млрд. теңгені** құрайды.

01.07.2023 жылы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ мен «Каспий» ӘКК» АҚ арасында №334/ҚЛ қаржылық лизинг шарты жасасылды.

Қазіргі таңда 70 автобус қабылданып, қалалық маршруттарда жүргізілуде.

Жобаны екінші тетікпен іске асыру аясында жаңадан құрылған «Caspian Trans Corporation» ЖШС (БСН: 230340006066) «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы қаржылық лизингке жалпы сомасы **3,8 млрд. теңгеге** газ-моторлы отын

(метан) қозғалтқыштарымен жүретін 50 автобусты, оның ішінде «Yutong ZK6116HG» маркалы 40 автобус пен «Yutong ZK6128H» маркалы 10 автобус сатып алды.

07.09.2023 жылы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ мен «Caspian Trans Corporation» ЖШС арасындағы №359/ҚЛ қаржылық лизингі шартына қол қойылды.

Сонымен қатар, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ мен «Каспий» ӘКК» АҚ арасында №909 Кепіл шарты жасалды.

Қазіргі таңда 50 автобус қабылданып, ауданаралық және қалааралық маршруттарда жүргізілуде.

2. «Автомобиль газ құю компрессорлық станциясын салу» жобасы.

«Каспий Авто Парк» ЖШС автобустарды отынмен (метан) қамтамасыз ету мақсатында «Маңғыстау индустриалды паркі» ЖШС аумағында метан газ станциясын салды.

Жоба Параметрлері:

Жобаның мақсаты: жаңа автобустарды метан отынымен қамтамасыз ету.

Жобаның құны: 600 млн. теңге.

Жобаны іске асыру барысында 10 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған.

Жобаның мәртебесі: «Маңғыстау индустриалды паркі» ЖШС-мен жер учаскесін және нысанды жалдау бойынша шарт жасалды. Инфрақұрылымдық желілерге қосылу бойынша техникалық шарт алынды.

2023 жылғы 14 қарашада іске қосылды.

3. «Облыс орталығы Ақтау қаласынан Мұнайлы ауданына қатынайтын қоғамдық көліктерді жаңарту» жобасы.

2023 жылғы 06 сәуірдегі «Каспий» ӘКК» АҚ Директорлар кеңесінің №93/0404-2023-СПК шешімімен Қоғам Жобаның қатысушылары - «Айгараков Сырлыбай Бисенович» ЖК мен «Ахметнабиев Руслан Слямханович» ЖК-бірлесіп, «Облыс орталығы Ақтау қаласынан Мұнайлы ауданына қатынайтын қоғамдық көліктерді жаңарту» жобасын жүзеге асыру келісілді

Жоба Параметрлері:

Жобаның мақсаты: Маңғыстау облысында жолаушыларды қоғамдық көлікпен тасымалдау бойынша ең қауіпсіз, ең қолайлы және сапалы қызмет көрсету, жолаушылар тасымалы нарығын жаңа сапалы автобустармен қанықтыру.

Жобаның жалпы құны: 1,3 млрд. теңге.

Жобаны іске асыру барысында 30 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Жобаны жүзеге асыру үшін лизингтік қаржыландыру арқылы отандық өндіруші «QazTehna» ЖШС-дан 20 бірлік көлемінде «Yutong ZK6116HG» маркалы дизельді қозғалтқышы бар жаңа автобустар сатып алу жоспарлануда.

Жобаның мәртебесі:

Қаржылық лизинг нысанының жалпы құнының 20%-ы мөлшерінде аванстық төлем **264 740 000** (Екі жүз алпыс төрт миллион жеті жүз қырық мың) теңге Маңғыстау облысының бюджетінен бөлінді.

30.05.2024ж. «Каспий» ӘКК» АҚ мен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арасында №438/ҚЛ қаржылық лизинг шарты жасалды. 2024 жылдың соңына дейін автобустардың келуі жоспарланған.

4. «Ақтау қаласының тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін бірыңғай төлем құжатына біріктіру» жобасы.

04.07.2023 жылғы «Каспий» ӘКК» АҚ Директор кеңесінің №СД-95/07-2023-СПК шешімімен Қоғам Жобаның қатысушылары - «Астана-ЕРЦ» ЖШС және «IT Tech Company» ЖШС-мен бірлесіп, «Ақтау қаласының тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін бірыңғай төлем құжатына біріктіру» инновациялық жобасын іске асыру келісілді.

Жобаның мақсаты: тұрғындарға қызмет көрсету сапасын жақсарту, оның ішінде бірыңғай түбіртек бойынша тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге ақы төлеу мүмкіндігін беру.

Жобаның құны: 12 млн. теңге.

Ең төменгі жарғылық капиталы бар «Маңғыстау ЕРЦ» ЖШС бірлескен кәсіпорны құрылды. БСН: 230740029476.

Жобаның мәртебесі:

28.10.2024 жылғы жағдай бойынша «Маңғыстау ЕРЦ» ЖШС бірыңғай төлем құжатының құрамына коммуналдық және өзге де қызметтердің жеткізушілер кіреді, оның ішінде: «МАЭК» ЖШС, «Каспий жылу, су арнасы» МКК (КЖСА), «Евросервис Джо» ЖШС (ҚТҚ шығару бойынша қызметтер), «Гаухартас» ЖШС (КСК қызметтері), «Каспиклининг» ЖШС (КСК қызметтері), Ақтау қаласы бойынша МКБ, «Нуреке Сервис» ЖШС (КСК қызметтері), Tomiris Towers МИБ (КСК қызметтері), «Досиметова Ф.М.» ЖК (КСК қызметтері), «Соцсервис-А» ЖШС (қоқыс шығару бойынша қызмет), «ЛифтСпецСтрой» ЖШС, «Батыс» ЖК, «Салем» ТК, «Берекелі Шаңырақ» ТК.

Дербес шоттардың жалпы саны 103 мыңға жуық, оның ішінде: 97 мың жеке тұлғалар және 6 мың заңды тұлғалар.

- Төлемдерді қабылдау қызметі орнатылған. Төлемді онлайн, банктік қосымшалар арқылы, «Қазпошта» АҚ кассаларында жүргізуге болады.

- Жергілікті қамтылған салықтарды БТҚ-қа енгізу тетігі пысықталды, соның салдарынан «Ақтау қаласы әкімінің аппараты» ММ-мен көрсетілген қызметтерді БТҚ-қа енгізу жөнінде шарт жасалды.

- Серіктестік бұрын мәлімделген тарифті 55,39 теңгеден 27,47 теңгеге дейін төмендеткен, себебі «Астана-ЕРЦ» ЖШС өндірістік функциялар мен шығыстардың бір бөлігін өзіне алғандығына байланысты.

2024 жылғы 09 қыркүйекте Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары Е. Избергеновтің төрағалығымен және Ақтау қаласының коммуналдық қызметтері өкілдерінің қатысуымен БПД енгізу және БПД құрамына кіретін коммуналдық және өзге де қызметтер санын көбейту мәселесі бойынша жиналыс өтті.

5. «Бейнеу астық терминалының қызметін қайта бастау» жобасы

05.03.2024 жылғы «Каспий» ӘКК» АҚ Директор кеңесінің №ДК-101/03-2024-ӘКК шешімімен «Каспий» ӘКК» АҚ мен «Eurasia Translogistics» ЖШС арасында Бірлескен қызмет туралы шарт жасасу арқылы «Бейнеу астық терминалының қызметін қайта бастау» инвестициялық жобасын іске асыру келісілді.

2021 жылы «Бейнеу астық терминалы» ЖШС банкрот деп танылды және көпфункционалды мүліктік кешен бірнеше жыл жұмыссыз қалды. 2021 жылғы

22 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы өткен кеңесте Бейнеу астық терминалының жұмысын қайта бастау бойынша № 04-494//21-01-7.17 тапсырма берілді (1.4.10-тармақ).

Жобаның параметрлері:

Инвестициялық жобаның атауы – «Бейнеу астық терминалының қызметін қайта бастау»;

Жобаның мақсаты – өңірді өз өндірісінің ұнымен қамтамасыз ету, сондай-ақ ауыл шаруашылығы қызметін жеммен қамтамасыз ету.

Жобны іске асыру барысында 200 жаңа жұмыс орнының құрылуы жоспарланған.

Жобаның құны – 3 831 235 000 теңге.

Қаржыландыру тетігі:

- 2 031 235 000 (екі миллиард отыз бір миллион екі жүз отыз бес мың) теңге, «Каспий» ӘКК» АҚ-мен бірлескен қызмет туралы шарт негізінде 5 жылға 6% пайызбен берілді;

- 1 800 000 000 (бір миллиард сегіз жүз миллион) теңге көлемінде қайырымдылық көмек «Маңғыстау индустриялық палатасы» ЗТБ-ға «Халық» қайырымдылық қоры» жеке қорынан, одан әрі «КУСА Халық» ЖШС-не Бейнеу астық терминалы кешенін сатып алу үшін аударылды.

Жобаның мәртебесі:

29.04.2024ж. «Бейнеу астық терминалының қызметін қайта бастау» жобасын бірлесіп іске асыру бойынша №08/32-04-2024-ӘКК шартына қол қойылды.

30.04.2024 ж. «Eurasia Translogistics» ЖШС мен «КУСА Халық» ЖШС арасында Бейнеу астық терминалы кешенін сатып алу-сату шарты жасалды.

Бүгінгі таңда «Eurasia Translogistics» ЖШС инвесторы Бейнеу астық терминалы кешенін жаңарту бойынша жұмыстар жүргізуде. Техникалық жұмыстарды жүргізу бойынша шетелдік мамандар шақырылды.

Сонымен қатар, «Eurasia Translogistics» ЖШС ұсынған «Бейнеу астық терминалы» кешені Қоғамға кепіл ретінде алынды.

6. «Маңғыстау облысы бойынша жаңа ауданаралық маршруттарды ұйымдастыру» жобасы.

19.02.2024 жылғы «Каспий» ӘКК» АҚ Директор кеңесінің №ДК-100/02-2024-ӘКК шешімімен «Каспий» ӘКК» АҚ-ның тәуелді ұйымы – «Caspian Trans Corporation» ЖШС-ның 76 автобус сатып алу арқылы «Маңғыстау облысы бойынша жаңа ауданаралық маршруттарды ұйымдастыру» инвестициялық жобасын іске асыру келісілді.

Жобаның параметрлері:

Инвестициялық жобаның атауы – «Маңғыстау облысы бойынша жаңа ауданаралық маршруттарды ұйымдастыру»;

Жобаның мақсаты – Маңғыстау облысында жолаушыларды қоғамдық көлікпен тасымалдау бойынша ең қауіпсіз, ең қолайлы және сапалы қызмет көрсету, жолаушылар тасымалы нарығын жаңа сапалы автобустармен қанықтыру.

Жобаның құны – 5 144 740 000 теңге.

Жобаны жүзеге асыру үшін лизингтік қаржыландыру арқылы өндірушіден 76 бірлік көлемінде жаңа автобустар сатып алу жоспарланған.

Жобаның мәртебесі:

23.08.2024 жылы «Каспий» ӘКК» АҚ және «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арасында кепіл шартына қол қойылды.

Сонымен қатар, «Caspian Trans Corporation» ЖШС мен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арасында қаржылық лизинг шарты жасалды.

Қазіргі таңда 31 автобус қабылданып, қалған автобустардың келуі 2024 жылдың соңына дейін жоспарланған.

7. Қоғам «Маңғыстау облысы бойынша тексеру комиссиясы» ММ-ның **15.03.2024 жылғы аудиторлық есебіндегі ескертпелерді орындау мақсатында** активтерді Қоғам игілігіне тиімді пайдалану үшін іс-шара жоспарын әзірленді.

1) «Каспий» ӘКК» АҚ балансында Ақтау қаласы бойынша орналасқан аудандары 24 ш.м. құрайтын 15 мобильді сауда павильондар бар. Қаржылық көмекті өтеу мақсатында 30.05.2018ж. Шегіну туралы №12/60-1/05-2018-ӘКК келісім негізінде павильондар алынды.

Мемлекеттік мүлік тізілімі www.gosreestr.kz веб-порталына шығарылып, 5 мобильді сауда павильон жалға берілген.

21.05.2024ж. «Ақтау қалалық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен Қоғам атына 6 жер учаскесін Ақтау қаласы аумағының дамуы қажеттілігіне, оның ішінде жаяу жүргіншілер жолы және абаттандыру жүргізу мақсатында мемлекет меншігіне қайтару туралы №01-12-606 хат түсті.

Ақтау қаласы әкімдігінің 13.06.2024 жылғы №11-07-1526 қаулысы негізінде павильондар орналасқан 10 жер учаскесі мемлекетке қайтарылды.

Павильондар орналасқан жер учаскелері мемлекеттік қайтарылуына байланысты, павильондар ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына, Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталы мүлікті сату бойынша электрондық сауда-саттықтардың Регламентіне сәйкес ережесіне сәйкес Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталы www.gosreestr.kz арқылы тәуелсіз бағалаушының бағалау туралы есебі негізінде сатылымға шығарылды.

2) ANKAI Hff611kl10ev21 маркалы электр автобустар, 2018 жылы шығарылған, саны 4 дана. Автобустар Қоғамға 26.09.2018ж. «Маңғыстау облысының қаржы басқармасы» ММ-нің №02-06/112 бұйрығы негізінде және 27.09.2018ж. қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес жарғылық капиталды төлеуге берілді.

2023 жылы Қоғам Басқармасы Қоғамның активтерін тиімді басқару мақсатында активтерді, оның ішінде электр автобустарын www.gosreestr.kz мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталы арқылы сату туралы шешім қабылдады. Алайда бірде-бір қатысушы тіркелмегендіктен не аукцион залында бірде-бір қатысушының бастапқы бағасы расталмағандықтан электрондық сауда-саттық өткізілген жоқ.

Қазіргі таңда Қоғам автобуспен тасымалдау саласындағы кәсіпкерлермен бірлесіп, 4 электр автобусты ремонттап, инвестициялық жобаны іске асыру мүмкіндігін қарастыруда.

3) «Хазар» базасы. Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, «Хазар» гараж-құрылыс кооперативі ауданында орналасқан ауданы 2 га жер учаскесінде орналасқан. Нысан жалғыз акционер – «Маңғыстау облысының қаржы басқармасы» ММ-ның 13.12.2021ж. №02-06/221 бұйрығы негізінде қабылдау-тапсыру актісімен алынды.

Қоғам және «БП-7» ЖК арасында Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталының электрондық сауда хаттамасы негізінде №2 қойма жалдауға беру туралы шарт жасасты.

29.08.2024ж. Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталының электрондық сауда хаттамасы негізінде №1 және №3 қоймалар мен көкөніс сақтау қоймасы «OTBASY» ШК» ЖК-ге жалға берілді.

Бос қоймалар мен әкімшілік ғимаратты ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына, Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру ережесіне сәйкес www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталы арқылы мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру бойынша жұмыстар қарастырылуда.

4) «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6-бабымен көзделген мемлекеттік мүлікті басқарудың мемлекеттік мүлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану принципінің нормалары сақталмай, жауапты тұлғалардың өздеріне жүктелген функционалдық міндеттерін атқармауынан, коммуналдық мүлікті басқару органы мен құрылтайшының коммуналдық мүліктің сақталуына бақылаудың болмауынан баланстық құны 0 теңгені құрайтын Тіркемелі самосвал «ПС НЕФАЗ 8560-02» жетіспеушілігі және 40 футтық контейнердің одан әрі қолдануға жарамайтындығы анықталды.

ПС НЕФАЗ 8560-02 самосвал тіркемесі. 23.02.2012ж. Маңғыстау облысы әкімлігінің №25 қаулысы негізінде активтер, оның ішінде ПС НЕФАЗ 8560-02 самосвал тіркемесі кірістелді.

2018 жылғы 30 мамырдағы шегініс туралы келісіммен Қоғам мен «Каспий-Берекет» ЖШС арасындағы қаржылық міндеттемелерді өтеу есебінен №12/60-1-05-2018-СПК келісім жасалды, онда шегініс ретінде Серіктестік Қоғамға мүлікті, оның ішінде 40 футтық контейнерді берді.

2019 жылдан бастап Қоғамның негізгі қаражатына және тауар-материалдық қорына, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық қарыз бойынша жүргізілген түгендеу жұмыстарының нәтижесінде ПС НЕФАЗ 8560-02 самосвал тіркемесінің (инвентарлық нөмір 000002968) жоқ екендігі және 40 футтық контейнер (инвентарлық нөмір 000003511) сәйкес келмейтіндігі анықталды.

ПС НЕФАЗ 8560-02 самосвал тіркемесін анықтау мақсатында Маңғыстау облысының полиция департаментіне және «Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ-не хаттар жолданды. Алайда алынған жауаптар қорытындысы бойынша Қоғам атына ПС НЕФАЗ 8560-02 самосвал тіркемесі тіркелмеген.

«Каспий» ӘКК» АҚ Басқарма отырысының 09.08.2024 жылғы №9 Хаттамасымен тіркемелі самосвал «ПС НЕФАЗ 8560-02» және 40 футтық контейнер баланстан шығарылды.

Сондай-ақ, Қоғамның құқықтық қамтамасыз ету қызметіне барлығы 27 арыз шағым келіп түсіп оған заңды түрде тиісті жауап берілген болатын.

Ағымдағы жылдың 9 айдың қорытындысы бойынша, Құқықтық қамтамасыз ету қызметі сотқа 1 309 141 822,96 тенге құрайтын 23 талап арыз жолданды, оның ішінде 542 837 681,35 тенге құрайтын 12 талап арыз бойынша сот шешімімен толықтай қанағаттандырылды, 26 592 859 тенге құрайтын 1 талап арыз бойынша бітімгершілік келісіммен ұйғарым шығарылды, 10 750 000 теңге құрайтын 1 талап арыз бойынша сот қаралу үстінде төленді, 728 961 282,61 тенге құрайтын 9 талап арыз бойынша қаралу барысында.

Заңды күшіне енген 502 353 701,35 тенге құрайтын 9 сот шешімі, жеке сот орындаушыларға мәжбүрлеп орындауға жолданған болатын, нәтижесінде 1 соттың шешімі 949 320,70 тенге құрайтын қарыз сомасы толықтай өтелді.

Қалған 3 сот шешімі заңды күшіне енген соң сот орындаушыларға мәжбүрлеп орындауға жолданатын болады.

Сонымен бірге, Қоғамның құқықтық қамтамасыз ету қызметіне барлығы 11 арыз шағым келіп түсіп оған заңды түрде тиісті жауап берілгеніне қаперіңізге береміз.

Ұсынымдар:

- Калған 3 сот шешімін заңды күшіне енген соң сот орындаушыларға мәжбүрлеп орындауға уақытылы жолдауын қамтамасыз ету.

- Сонымен бірге сот орындаушыларына жолданған сот актілеріне қатысты атқарушылық іс жүргізуді бақылауда ұстау.

9. Қолданыстағы ішкі нормативтік-құқықтық актілер бойынша

Қоғам қызметін реттейтін ішкі нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттамаларды ішінара талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын дискрециялық өкілеттіктер анықталған жоқ.


Жоғарыдағының негізінде, Қоғам қызметінде жемқорлық тәуекелдерін болдырмау немесе азайту мақсатында, Департаменттер мен қызмет басшыларына, жетекші орынбасарларымен келісе отырып, ұсынылады:

- енгізілген ұсынымдардың орындалуы бойынша, жоспар құрып, бекітіп, уәкілетті қызметкерге (комплаенс офицер) ұсынуға;

- жұмыс тобына **9 ай мерзімі** ішінде талдау нәтижесін мониторингілеуге, орындалуына баға беруге және қадағалауға.


- уәкілетті қызметкер (комплаенс офицер) жалпылама жинақтауға.

Жұмыс тобы:

 **Ермагамбетов У.А.;**

 **Бекарысова Ж.Б.;**

 **Жанахмет А.Ж.;**

 **Алхамов М.А.**